



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №1119300/2025/1

16.06.2025 жылғы

АО "Казакхтелеком", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Сенімхат №3594178024 27.08.2024 бастап, негізінде қызмет ететін Бас әкімшілік директоры Мейрамов Ержан Болатович атынан, бір жағынан, және "Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы" жеке меншік мекемесі бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, Жарғы, негізінде қызмет ететін Бас директор Умирзаков Елдос атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Бір көзден сатып алу туралы шешім № 1119300 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтер Орындаушының асырауында көрсетіледі және тұтастай алғанда қызметтерді көрсету үшін қажетті материалдармен, оның ішінде бөлшектер мен конструкциялармен, сондай-ақ жабдықпен қамтамасыз ету міндетін орындаушы атқарады.

1.3. Осы Шартта көзделген еңбек ресурстарын басқару мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету техникалық ерекшелікке (Шартқа №2 қосымша) сәйкес кешенді социологиялық зерттеулер жүргізуді қамтиды. Зерттеуді жүргізудің мақсаты "Самұрық-Қазына" қоры тобы компаниялары қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек көңіл-күйін талдау және мотивацияны, тартуды, бейімделуді, ішкі коммуникацияларды, салауаттылық бағдарламаларын және Тапсырыс берушінің кадр саясатының әлеуметтік тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған өзге де аспектілерді қоса алғанда, Еңбек ресурстарын басқару мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау болып табылады.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 24378482.00 (жиырма төрт миллион үш жүз жетпіс сегіз мың төрт жүз сексен екі) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Салық ставкасы бойынша ҚҚС салық міндеттемесінің туындауына және орындаушы шот - фактураны ұсынуына қарай төленеді.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. ҚҚС-сыз 3 264 975 (үш миллион екі жүз алпыс төрт мың тоғыз жүз жетпіс бес теңге) 27 тиынды құрайтын 15% мөлшерінде аванстық төлем (алдын ала төлем) Орындаушы төлем шотын берген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады;

2.5.2. Шот-фактура;

2.5.3. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер)актісі

2.5.4. Әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту бойынша қорытындылары мен ұсыныстары бар талдамалық есеп;

2.5.5. Компания бойынша автоматтандырылған есеп (оның ішінде барлық қолда бар бөлімшелер бойынша).

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал





арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдап алу-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесінің есебі (жүйеде ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3. Қызмет көрсетілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді:

- Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер)актісі;

- Әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту бойынша қорытындылары мен ұсыныстары бар талдамалық есеп;

- Компания бойынша автоматтандырылған есеп (оның ішінде барлық қолда бар бөлімшелер бойынша).

-Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны Тапсырыс беруші орындаған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін келіскен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жазып берсін.

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою.

Тапсырыс берушінің өнім берушінің көрсетілетін Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.1.5. Білікті мамандармен қызмет көрсету

4.1.6. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтау.

4.1.7. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болуға көрсетілген бағыттар бойынша.

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескерту жасау.

4.1.9. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық - эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы анықталған кемшіліктерді Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде өз есебінен жойсын.

4.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

4.2.1. Орындаушы көрсеткен қызметтерді шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.2.2. Наразылықтар болмаған жағдайда көрсетілген Қызметтер актісіне Орындаушыдан оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға;

4.3. Орындаушы құқылы:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге;

4.3.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және көрсетілген Қызметтердің актілеріне қол қояды талап етуге.

4.3.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды мәні бірдей мамандарға ауыстыруға.

4.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тапсырыста және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;





4.3.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде өнім беруші көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын бірлесіп орындауға беруге.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен сан қызметтерін алуға;

4.4.2. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен Шарт құнының тиісінше азауымен бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін Өнім берушінің ұсынуын талап етуге Тапсырыс берушінің құқығы жоқ.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің олардың техникалық ерекшелікке және шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсетілген сәттен бастап не әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) анықталған 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.

5.4. Егер Орындаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушы мойындаған деп танылады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.5. Егер Тапсырыс беруші қызметтер көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта ескерілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.2. Орындаушы 4.1.3-тармақта көрсетілген құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.2.3. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

7.2.4. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

7.4.2. Орындаушы ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің





жалпы сомасы 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

7.4.3. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасы 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

7.4.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету үшін Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Қорының Сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіппен Сатып алу жөніндегі Қордың Операторына ақпарат жібереді.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілген сомадан Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін Орындаушыға есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан аз сомаға Қызметтерді іс жүзінде жеткізу кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші авансты қайтаруды қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

Қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда.

8.3.4. Тапсырыс беруші консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы анық емес Ақпарат және/немесе жалған мәліметтер ұсынуы анықталған жағдайларда жүзеге асырылады;

8.3.5. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

8.3.6. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

8.3.7. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда тоқтатылады.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, орындаушы Шартты бұзған күнгі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

8.5. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасасқан шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға шартты бұзу күніне оның нақты шыққан шығындарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.





8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушының Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 31.12.2025 дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.2. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт талаптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты





қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. ИМердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шартты Орындаушының кепілдіктері негізінде және мұндайларға адал арқа сүйей отырып жасасады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді:

Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасымен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқарылатын NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімдерге енгізілмегеніне;

(а) Шарт жасасу және/немесе оны Орындаушының орындауы осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайтынына;

(б) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны іс жүзінде орындау күніне дейін – осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын Орындаушының шоттары, оның ішінде меншікті және корреспонденттік шоттары ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде болады, оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылады (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the office of Financial sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген Санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (non-SDN Menu-Based sanctions List) Мемлекеттік қаржының ашықтығы;





(с) Подярдчиктің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және(немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасымен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқарылатын NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізім.

15.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл емес болып табылған жағдайда, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының осындай кепілдігінің нәтижесінде немесе дұрыс еместігіне немесе дәл еместігіне байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама залалдарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы

15.3. Егер Шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне орай қолданыстағы Санкциялық актінің («Жаңа санкциялар») қолданылу аясы кеңейтілсе немесе өзгеше түрде өзгерсе, және осындай Жаңа санкциялар:

(а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін бермесе немесе елеулі түрде қиындатса; және (немесе)

(б) мұндай Тарап үшін қаржыландыру көздеріне ұзақ мерзімді қол жеткізу мүмкіндігін алуға және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама залалдарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) әкелсе немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе)

(с) өнім беруді/қызметтер көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса;

(д) Тараптардың қайсыбірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау мүмкін емес немесе Жаңа санкциялармен елеулі түрде қиындатылған Тараптардың қайсыбірінің міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғатын болса; және (немесе)

(е) осындай Тараптың кредиттік рейтингісінің төмендеуіне әкеп соқса немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған осындай төмендеу ықтималдығы бар болса,

(бірге – «Жаңа санкциялардың салдары»),

мұндай Тарап Жаңа санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 күн ішінде ресми растаушы құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етуге(осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптар осы Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына жаңа санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ жаңа санкциялардың мұндай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы кездесу(лар)/келіссөздер жүргізеді осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда ("адал келіссөздер").

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, жаңа санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. При недостижении Сторонами согласия по истечении 5 рабочих дней после проведения первого дня Добросовестных переговоров, любая Сторона имеет право в любое время направить Стороне, к которой применяются или в отношении которой возникли Новые Санкции, приведшие к Последствиям Новых Санкций («Запрещенная Сторона») уведомление о недостижении согласия («Уведомление о недостижении согласия»). В случае направления такого Уведомления о не достижении согласия, Сторона вправе расторгнуть Договор в одностороннем порядке и требовать возмещения понесенных прямых и/или косвенных убытков.

15.7. Жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, Тараптар, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не _____ (валютаны көрсету) жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша Жаңа санкцияларға байланысты өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша балама валютамен төлем жасау Тараптарға Жаңа санкциялардың салдарларын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда 1.8-баптың ережелері басым тәртіппен қолданылуға жатады және мұндай жағдайда 1.5 және 1.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды деп келіседі.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не (валютаны көрсету) жүзеге асыру заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеше түрде орынсыз болатын болса, Тапсырыс беруші Мердігерді бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны (Тараптар келісетін валютаны көрсету) («Баламалы





валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банк шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуге тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.1.8-тармақ қолданылған жағдайда теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен жасалған жағдайда), Тараптар мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларындағы есеп айырысуларды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетініне немесе егер Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты жарияламаса, _____ (басқа елдің баламалы Ұлттық Банкіні көрсету) бағамы бойынша, тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) қайта есептелетініне келіседі.

15.10. Шарт 2 (екі) Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар данада жасалды. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

15.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

АО "Казакхтелеком"
Астана қ., "Есіл" ауданы, Сауран, 12
БСН 941240000193
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ446017131000000356
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (717) 224-8907
Бас әкімшілік директоры Мейрамов Ержан Болатович

"Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы" жеке меншік мекемесі
г.Астана, район Нұра, улица Сығанақ, строение 17/10
БСН 170540026024
БСК KPSTKZKA
ЖСК KZ03563Z350000110037
"Қазпошта" АҚ
Тел.: +7 (717) 299-9789
Бас директор Умирзаков Елдос

16.06.2025 09:21:29

16.06.2025 10:35:32





№1 қосымша

№1119300/2025/1 от 16.06.2025 жылғы келісім-шарт үшін

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
2464 У	Еңбек ресурстарды басқару мәселелері бойынша консультациялық қызметтер	-	1.000	1.000	-	Иә	24 378 482	КАЗАХСТАН, По всей территории РК	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2025 дейін.	Алдын ала төлем - 15%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 85%



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1119300 сатып алу бойынша
Бір көзден тәсілімен

Лот № 1 (2464 У, 4085202)

Тапсырыс беруші: АО "Казакхтелеком"

Орындаушы: "Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығы" жеке меншік мекемесі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	2464 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Еңбек ресурстарды басқару мәселелері бойынша консультациялық қызметтер
Қосымша сипаттама	-
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, ҚР барлық аумағы
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2025 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 15%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 85%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Анықтау бойынша қызметтерді сатып алу жөніндегі техникалық ерекшелік
әлеуметтік тұрақтылық деңгейі Samruk Research Services

Осы Техникалық ерекшелік 2025 жылға арналған "Самұрық — Қазына" АҚ (бұдан әрі-Қор) тобының компаниялары арасында "Samruk Research Services" (бұдан әрі-SRS) зерттеуін жүргізу үшін дайындалған.

Жобаның мақсаты: Әлеуметтік-еңбек қатынастарында туындайтын проблемалар мен тәуекелдерге уақтылы ден қою үшін қор компанияларындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін айқындау.

Жобаны іске асыру мерзімдері: Шартқа қол қойылған сәттен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін
Жобаны аяқтау нысаны: Зерттеудің бірінші толқыны аяқталғаннан кейін:

Әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту бойынша қорытындылары мен ұсыныстары бар талдамалық есеп.

Компания бойынша автоматтандырылған есеп (оның ішінде барлық қолда бар бөлімшелер бойынша).

Зерттеудің екінші толқыны аяқталғаннан кейін:

Әлеуметтік тұрақтылық деңгейін жақсарту бойынша қорытындылары мен ұсыныстары бар талдамалық есеп.

Компания бойынша автоматтандырылған есеп (оның ішінде барлық қолда бар бөлімшелер бойынша).



SRS әдіснамасына сәйкес әлеуметтік көңіл-күй деңгейін зерттеу бойынша әлеуметтанулық зерттеуге 11 (он бір) портфельдік компанияның өндірістік қызметкерлері қатысады. Бұл компаниялардағы өндірістік персоналдың жалпы саны 220 мыңға жуық қызметкерді құрайды. Сауалнама жүргізу үшін Тапсырыс беруші иесіздендірілген байланыс деректерінің базасын және өндірістік персоналдың нақты, орташа тізімдік саны мен айналымы бойынша ақпаратты ұсынады.

Зерттеу құралдары

Социологиялық зерттеу аясында сандық деректерді жинау үшін сауалнама қолданылады. Сауалнаманы орындаушы жасайды, сауалнама респондентпен келесі үш бағыт бойынша бағалау (индекстерді есептеу) жүргізуге мүмкіндік беретін қазақ және орыс тілдерінде (таңдау бойынша) жүргізіледі: Қатысу индексі (ИБ); Әлеуметтік әл-ауқат индексі (баж); Әлеуметтік тыныштық индексі (ISS). Сауалнама техникалық айнымалылардан, кіріспеден, скринингтік бөлімнен (сүзгі сұрақтары), негізгі сұрақтардан және әлеуметтік-демографиялық блоктан тұрады.

Деректерді жинау әдісі Респонденттерге сауалнама жүргізу үшін гибриді әдіс қолданылады: 1 кезең: қызметкерлердің ұялы нөмірлеріне бірегей сілтемені жаппай sms жіберу арқылы Онлайн сауалнама (Cawi). Бірегей сілтемені қайта толтыру мүмкін емес. 2 кезең: онлайн-сауалнамаға қатыспаған респонденттердің байланыс базасына автоматтандырылған қоңырау шалу арқылы телефон арқылы сауалнама (CATI). 1 сұхбаттың ұзақтығы-20 минуттан аспайды. Әр кезеңде респонденттерді іріктеу кездейсоқ түрде жүзеге асырылады:

1-кезеңде: sms-таратуды жүргізер алдында Тапсырыс беруші ұсынған әрбір портфельдік компания бойынша байланыс деректерінің базасы кездейсоқ тәртіппен сұрыпталады және sms-хабарламаларды кезең-кезеңімен тарату жүзеге асырылады. 2-кезеңде: жекелеген ЕТҰ-да sawi әдісімен іріктелі жиынтыққа қол жеткізілмеген жағдайда, автоматтандырылған телефон сауалнамасы жүйесі (CATI) көмегімен сауалнаманы жүзеге асыру үшін онлайн-сауалнамадан өтпеген байланыстар базасы қалыптастырылады. Әлеуметтік сауалнама жүргізу кезеңі: жылына 2 рет. Зерттеудің бірінші толқыны 2025 жылдың 31 шілдесіне дейін, екінші толқын 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеу нәтижелері мен ұсынымдарын енгізу Зерттеу нәтижелерін қолдану: 1. Тапсырыс беруші зерттеу нәтижелерін пайдалануға құқылы- HR-саясатты түзету (мотивация, бейімделу, оқыту бағдарламаларын жақсарту)- Ішкі коммуникацияларды оңтайландыру (кері байланысты, ішкі әлеуметтік желілерді енгізу)- Әл-ауқат бағдарламаларын дамыту (well-being) (психологиялық қолдау, жұмыс және жеке өмір балансы)

Орындаушыға қойылатын талаптар

Орындаушыға қойылатын негізгі талаптар: 1. Әлеуметтанулық зерттеу жүргізуге әдіснаманың және авторлық құқықтың болуы; 2. Социологиялық зерттеулер Орындаушының негізгі жарғылық қызметі болып табылады; 3. Әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу тәжірибесі кемінде 5 жыл; 4. Әлеуметтану мамандығы бойынша базалық білімі және/немесе ғылыми дәрежелері мен атақтары бар мамандардың болуы; 5. Бір жыл ішінде 1-кезеңді өткізу үшін sawi әдісімен сауалнама жүргізу үшін веб-ресурстың болуы қажет; 6. Респонденттерге анонимділікті сақтаудың міндетті шартымен, оның ішінде техникалық және ақпараттық сүйемелдеу тұрғысынан онлайн-сауалнама жүргізу мүмкіндігі; 7. Зерттеуді жобадан кейінгі сүйемелдеу тәжірибесі: семинарлар мен басқа да оқыту іс-шараларын өткізу, зерттеу нәтижелерін енгізу мәселелері бойынша кеңес беру, конференцияларда, БАҚ-та, ғылыми және іскерлік басылымдарда зерттеу нәтижелерін жариялай отырып сөз сөйлеу; 8. Статистикалық бағдарламалар негізінде деректерді өңдеу мүмкіндігі (R, SPSS, MS Excel); 9. Қызмет көрсету кезінде 100% қазақстандық қамтуды қамтамасыз ету; 10. Жұмыс сапасын қамтамасыз ету және зерттеу нәтижесінде алынған ақпараттың құпиялылық шарттарын сақтау; 11. Зерттеудің барлық кезеңдерінде Тапсырыс берушімен ынтымақтастық.

Тапсырыс беруші мен Орындаушының жауапкершілігі

Тапсырыс Берушінің Жауапкершілігі:

1. Тапсырыс беруші компанияларда зерттеу әдіснамасы, сауалнама жүргізу ерекшеліктері және зерттеу нәтижелерімен жұмыс бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді; 2. Компаниялардың жауапты мамандарын сауалнама жүргізудің нақты күндері туралы оны өткізуден кемінде 3 (үш) күн бұрын

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе



хабардар етеді; 3. Орындаушының қызметкерлерімен байланыста болу үшін жауапты тұлғаларды бекітеді; 4. Тапсырыс беруші Орындаушыға іріктеме жиынтығын жасау және сауалнаманы кезең-кезеңімен жүргізу үшін қажетті дерекқорды ұсынады. 5. Орындаушы зерттеу нәтижелеріне зерттеудің қамту аймағына кіретін әрбір филиал мен қала бойынша егжей-тегжейлі талдау жасайды.

Орындаушының Жауапкершілігі: 1. Зерттеу жүргізудің барлық кезеңдерін хабарлау және белгілеу үшін онлайн-түсіндіру сессияларын өткізеді; 2. Тапсырыс берушіге зерттеу және дерекқорды толтыру кезеңдері туралы қажетті материал-нұсқама жібереді; 3. Сауалнаманың репрезентативті үлгісін қалыптастырады; 4. Сауалнаманы Тапсырыс беруші ұсынған толтыру және ауысу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес бағдарламалайды; 5. Пилоттық сауалнама жүргізеді; 6. Орындаушы техникалық ерекшелікте белгіленген мерзімдерге сәйкес Тапсырыс берушімен келісім бойынша сауалнама жүргізу кестесін жасайды және оларды Тапсырыс берушіге ұсынады.





Шарттың №3

қосымшасы №1119300/2025/1 от 16.06.2025 жылғы

Шарттың №3

қосымшасы №1119300/2025/1 от 16.06.2025 жылғыҚызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктерінің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауар шығарылған елдің коды	внутристрановая ценность в товаре, в тенге	внутристрановая ценность в договоре, %
					в единице измерения по ст.5	акпалай мәнде	№	Серия	Берген органының коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органының коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.



Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

№ р/с	Орындаушы/Суб мердігер	Келісім -шарт нөмірі	Келісім- шарттың құны	Келісім-шарт шеңберінде орындаушы немесе субмердігер сатып алатын/сатып алған тауарлардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындау шеңберінде жасалатын/жасалатын субмердігерлік келісім-шарттардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе субмердігердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі	Шарттағы елішілік құндылық үлесі, (ақша қаражат түрінде)
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

№ р/с	Орындаушы	Келісім-шарт	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	внутристрановая ценность в договоре, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{табл.1}) + \sum 8(\text{табл.2}) / 6 * 100\%$)
						100

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

Мейрамов Ержан Болатович, Главный административный директор

Умирзаков Елдос, Генеральный директор

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе



Договор о закупке услуг №1119300/2025/1

16.06.2025 г.

Акционерное общество "Казхателеком", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице Главного административного директора Мейрамов Ерман Болатович, действующего на основании Доверенность №3594178024 от 27.08.2024, с одной стороны, и Частное учреждение "Центр социального взаимодействия и коммуникаций" именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице Генеральный директор Умирзаков Елдос, действующего на основании Устав, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании Решение о закупке из одного источника № 1119300, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что:

- является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством;
- отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора;
- оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

